

8 ТАҚЫРЫП. ӨНДІРІСТІК РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУЫН ТАЛДАУ

1. Еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуін талдау. Еңбек уақыты қорын пайдалануын талдау. Еңбек өнімділігін талдау. Еңбек ресурстарын тиімді пайдалануын талдау.
2. Өндірістің негізгі қорлармен қамтамасыз етілуін талдау. Негізгі қорлардың пайдалану тиімділігі мен интенсивтілігін талдау.
3. Материалдық ресурстармен қамтамасыз етілуін талдау.

1. Кәсіпорынның еңбек ресурстарымен қамсыздануы мен оларды пайдалану тиімділігіне жұмыстардың көлемі мен дер кезінде орындалуы, өзіндік құн, табыс және басқа да экономикалық көрсеткіштер тәуелді болады.

Талдау үшін ақпарат көздері болып бизнес-жоспар, еңбек бойынша статистикалық есептілік, табельдік есеп мәліметтері, еңбекақы бойынша ведомостар, қаржылық нәтижелер туралы есептер табылады.

Талдау үш бағытта жүргізіледі:
жұмыс күшін пайдалануды талдау,
еңбек өнімділігін талдау, еңбекақыны
талдау.

Талдау міндеттері :

- жұмыс күшін пайдалану саласында - оның санын, құрамы мен құрылымын, біліктілік дәрежесін зерттеу, жұмыс уақыт пайдалануды талдау, жұмыс күшінің қозғалысының динамикасы мен себептерін зерттеу;
- еңбек өнімділігі саласында - еңбек өнімділігінің деңгейін бекіту, алынған нәтижелерді динамикасында және ұқсас кәсіпорындармен салыстыру арқылы зерттеу, нормативтердің сапасын зерттеу, еңбек өнімділігінің өсу факторларын талдау;
- еңбекақы саласында - пайдаланып жатқан еңбекақы нысандары мен жүйелерінің негізделуінің деңгейін тексеру, еңбекақы қорының өзгеруіне факторлардың әсерін анықтау. Еңбекақыға қаражаттарды пайдаланудың тиімділігін арттыру резервтерін анықтау

Кадрлар құрамының тұрақтылығын талдау үшін - қабылдау бойынша айналым коэффициенті (Коп), кету бойынша (Кв), кадрлар ағымдылығы бойынша коэффициенттер (Ктк) есептеледі.

$$K_{op} = \frac{\text{қабылданғандар саны}}{\text{ССЧ}}$$

$$K_b = \frac{\text{кеткендер саны}}{\text{ССЧ}}$$

$$K_{tk} = \frac{\text{өз еркі бойынша, тәртіп бұзғаны үшін кеткендер саны}}{\text{ССЧ}}$$

Мұндағы, ССЧ - мерзім ішіндегі орташа тізімдік жұмысшылар саны.

Еңбекақы қорын пайдалану тиімділігінің көрсеткіштері:
есептелетін еңбекақы қорын абсолюттік және
салыстырмалы үнемдеу саналады:

Абсолюттік үнемдеу:

$$\Delta \text{ФОТ} = \text{ФОТ}_1 - \text{ФОТ}_0$$

Салыстырмалы үнемдеу:

$$\text{Э(П)} = \text{ФОТ}_1 - \text{ФОТ түзетілген}$$

ФОТ түзетілген = U_0 * ағымдағы өнім көлемі

мұндағы:

$\text{ФОТ}_{1,0}$ - сәйкесінше есептік және базистік мерзімдердің
еңбекақы қорлары;

U_0 - болжамдағы еңбек ақы шығындардың деңгейі

2. Негізгі құралдардың жағдайы олардың тозу және жарамды дәрежесімен сипатталады. Бұл көрсеткіштер сәттік, көбіне олар жылдың басына және соңына анықталады.

Негізгі құралдардың бар болуы мен қозғалысын таладу үшін негізгі құралдардың бар болуының және қозғалысың балансымен пайдаланамыз. Ол баланс бастапқы құн бойынша және баланстық құн бойынша болады.

Негізгі құралдардың қозғалысы дегеніміз олардың әр түрлі себептер бойынша (түсуі, шығуы) бір жыл ішінде санының және құнының өзгеруі.

Негізгі құралдардың қозғалысы 3 негізгі коэффициенттермен сипатталады: жаңарту, түсу, шығу.

Негізгі құралдарды тиімді пайдалану көрсеткіштеріне қор қайтарымдылығы, қор сиымдылығы, қоррентабелділігі, бір тенге өсімге сыбағалы капиталды салымдар.

Қор қайтарымдылық тауарлық өнімді негізі құралдардың орташа құнына қатынасы рақылы анықталады.

$$\text{Ққ} = \frac{\text{өнімді өткізуден түскен табыс}}{\text{негізгі құралдардың орташа жылдық құны}}$$

Қор сиымдылығы қор қайтарымының кері мәні, негізгі құралдардың орташа құнын таурлық өнімге қатынасы арқылы анықталады.

Қс = негізгі құралдардың орташа
жылдық құны

өнімді өткізуден түскен табыс

3. Материалдық ресурстар дегеніміз ол шикізаттар, негізгі және қосымша материалдар, жартылай дайын өнім, жанармай және қуат.

Материалдарды тиімді пайдалану - өндірістің өсу және өнімнің өзіндік құнының төмендету факторларының бірі, яғни пайданың және рентабелділіктің өсуіне әсер етуші фактор.

Кәсіпорынның материалдық ресурстармен қамтамасыз етуі негізгі түрлері бойынша жүргізіледі, келесі формула бойынша есептеледі:

$$K_{\text{кам}} = \frac{\text{Материалдардың іс жүзіндегі түсуі}}{\text{Норма бойынша осы материалға қажеттілік}}$$

Материалды пайдалану тиімділігінің жалпылама көрсеткіші болып өнім өндіруге материалдық ресурстар шығынының шамасы болып саналатын **материалсыымдылық** танылады.

$MЗ$

$M_e = \frac{MЗ}{N}$ (яғни 1 тг өнімге материал шығындар)

Материалқайтарымы - 1 теңге шығындалған материалдардан өнім ышғаруды сипаттайтын кері шама.

N

$M_o = \frac{N}{MЗ}$

$MЗ$

N - өнім көлемі

$MЗ$ - материал шығындар